

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

1934

Султанова Айжан Қылышбай кызы

«Қуаттылығы жылына 50000 м³ ұялы бетон бұйымын шығаратын Павлодар қаласындағы цех»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМELІК ЖАЗБА

5B073000 - Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрылымдарын өндіру

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

 К. Ақмалайұлы

« 25 » 05 2020ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Қуаттылығы жылына 50000 м³ ұялы бетон бұйымын шығаратын Павлодар қаласындағы цех

5B073000 - Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрылымдарын өндіру

Орындаған:



А.К. Султанова

Пікір беруші

« _____ » _____ 2020 ж.

Жетекші

д.т.н., профессор

 Т.К. Куатбаева

« 25 » 05 2020ж.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

5B073000 - Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрылымдарын өндіру

1934

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

 К. Ақмалайұлы

« 27 » 01 2020ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Султанова Айжан Кылышбай кызы

Тақырыбы: «Қуаттылығы жылына 50000 м³ ұялы бетон бұйымын шығаратын Павлодар қаласындағы цех»

Университет ректорының « 27 » 01. 2020ж. № 7626 - бұйрығымен бекітілген Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі « 31 » 05. 2020 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері Зауыттың жылдық өнімділігі, өнімнің құрамы шикізаттар кен орны, құрылыс орнының сипаттамасы.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Технологиялық бөлім

ә) Жылу техникалық бөлім

б) Сәулет-құрылыстық бөлім

в) Технологиялық процестердің автоматикасы және автоматтандыру жүйесі

г) Экономикалық бөлім

ғ) Қауіпсіздік және еңбекті қорғау




Сызбалық материалдар тізімі Бас жоспар сызбасы, зауыттың қима көрінісі, технологиялық картасы, технологиялық тізбегі, автоматика сызбасы, техника-экономикалық көрсеткіштер сызбасы.

Ұсынылған негізгі әдебиет _____

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, қарастырылатын мәселелердің тізімі	Жетекшілер мен кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Технологиялық (технологиялық тізбек және сипаттама)	27.01.2020 – 25.05.2020	
Жылу-техникалық (жылу ылғалды өндеуге арналған жабдықты есептеу)	27.01.2020 – 25.05.2020	
Сәулеттік- құрылыстық (бас цехтың конструктивті жобалау шешімі цехта жабдықтарды орналастыру)	27.01.2020 – 25.05.2020	
Автоматтау және автоматтандыру (құрылыс өндірісі технологиясын ұйымдастыру)	27.01.2020 – 25.05.2020	
Техника-экономикалық (тиімді нұсқаны таңдаудың технико-экономикалық негіздеу есептемелері)	27.01.2020 – 25.05.2020	
Қауіпсіздік және еңбек қорғау (қауіпсіздік техникасы сұрақтарын қарастыру)	27.01.2020 – 25.05.2020	


Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары

Бөлімдердің атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Технологиялық бөлім	Куатбаева Т.К. т.ғ.д., профессор	25.05.2020	
Жылу техникалық бөлім	Куатбаева Т.К. т.ғ.д., профессор	25.05.2020	
Сәулеттік -құрылыстық бөлім	Бек А.А. т.ғ.м., ассистент	25.05.2020	
Техника экономикалық бөлім	Куатбаева Т.К. т.ғ.д., профессор	25.05.2020	
Автоматтау және автоматтандыру бөлімі	Куатбаева Т.К. т.ғ.д., профессор	25.05.2020	
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі	Куатбаева Т.К. т.ғ.д., профессор	25.05.2020	
Норма бақылау	Бек А.А. т.ғ.м., ассистент	25.05.2020	

Жетекші

 Куатбаева Т.К.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

 Султанова А.К.

Күні

« 25 » 05 2020ж.

АНДАТПА

Дипломдық жұмыста жобаланатын ұялы бетон шығаратын зауыттың сәулеттік-құрылыстық шешімдері, зауыттың қуаттылығы, ұялы бетонның құрамы, құрамына зауыттан шыққан күлді қосып өңдеу арқылы дайындалатын ұялы бетон өндірісінің технологиялық тізбегі және зауыт құрылысының смета құнының есебі істелінді. Еңбек қорғау және тіршілік қауіпсіздігі туралы шаралар, қорытынды мәліметтер және қолданылған әдебиеттер тізімі көрсетілді.

Сызба жұмысында жобаланатын ғимараттың сәулеттік-құрылыстық сызбалары, технологиялық жоспар, бас жоспар, өндірістің технологиялық тізбегі, автоматтандыру тізбегі орындалып, зауыттың техникo-экономикалық көрсеткіштері жасалды. Дипломдық жобада ұялы бетонның тиімділігі, артықшылығы, кемшілігі қарастырылған. Қазіргі таңда ұялы бетон бұйымдары құрылыс саласында үлкен сұранысқа ие.

АННОТАЦИЯ

. В дипломной работе были рассчитаны архитектурно-строительные решения проектируемого газобетонного завода, мощность завода, состав газобетона, технологическая схема производства газобетона путем переработки золы с завода и расчетная стоимость строительства завода. Представлены меры по охране труда и безопасности жизнедеятельности, итоговые данные и список литературы.

Разработаны архитектурно-строительные чертежи проектируемого здания, технологический план, генеральный план, технологическая схема производства, схема автоматизации, технико-экономические показатели завода. Дипломный проект учитывает эффективность, преимущества и недостатки газобетона.

ABSTRACT

The thesis was designed architectural solutions, designed aerated concrete plant, power plant, the composition of the aerated concrete production process of aerated concrete by recycling ash from the plant and the estimated construction cost of the plant. Measures for labor protection and life safety, summary data and a list of references are presented.

Architectural and construction drawings of the projected building, technological plan, master plan, technological chain of production, automation chain, technical and economic indicators of the plant were developed. the diploma project takes into account the effectiveness, advantages and disadvantages of aerated concrete.

Жобалық анализ

Өнімді жоспарланған зауыт орнында, яғни Павлодарда, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Орталық Қазақстанның бөліктерінде, тіпті шекаралас жатқан Ресей қала-аймақтарына жеткізілу қарастырылады. Бұл ұялы бетон өнімдерін нарыққа шығарып сату ықтималдылығы жоғары деңгейде. Оның себебі, газоблокқа кеткен энергияны ақтауында.

Жалпы Павлодарда сатылымда көбінесе ресейлік цемент өнімі басымырақ. Бірақ барлық келетін ақша шығынға орай өзіміздің отандық өнімге зен салдық. Ең басты байланыстырушы шикізат – цементті Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласындағы ЖШС "ПК "Цементный завод Семей"-ден алатын боламыз.

Құм газобетондағы негізгі толтырғыш ретінде қолданылады. Зауытқа жеткізу ыңғайлырақ әрі сапасына қарай таңдалып алынған құм дәл Павлодар өңірі, Ертіс өзені бойында алынады, яғни біз "Павлодарский речной порт, ЖШС" қызметіне жүгінеміз.

Қазақстанда күл мен қож қалдықтарының ортажылдық қоры 12200 тонна болса, автоклавты материалдарға қолдану барысында 6400 тонна екен. Бұл дегеніміз – қордың жартысы сақтала отырып, көлемі жылдан-жылға өсе береді деген сөз. Соған орай зауыт қалдықтарын тиімді пайдалана отырып, екіншілік өнім шығару көп жағдайда ұтымды болғандықтан, материалға құммен бірге күл қосу ұйғарылды.

Күлдің құмның алдындағы артықшылығы, ол дисперсті күйде болғандықтан, міндетті ұнтақтауды қажет етпейді. Бірақ өз өндірісімде суды үнемдеу үшін, қосымша ұнтақтауды дұрыс көрдім. Екібастұз АЭС орнында көмірді жағу барысында қалатын күлді қолданамыз. Мұндағы көмір жанғандағы шыныфазаның құрамы 60-65 пайызды құрайды. Бұл дегеніміз нормативті құжаттардың шарттарын қанағаттандырады дегенді білдіреді.

Екібастұз өңірінде күл айтарлықтай жылдан-жылға өскендіктен, оны қолдану - шикізат шығынын азайтуға септігін тигізеді. Техникалық және экономикалық ретте оны пайдалану - қоршаған ортамызды қорғауға, табиғат ресурстарды сақтауға немесе жетіспеушілігін азайтуға бағытталған. Қалдықтарды қолдану - кейбір шикізаттардың жойылуынан, жоғары сапалы материалдарды энергия және еңбек шығынын аз мөлшерде қолдануы үшін көзделіп отыр.

Ең басты клиенттер Павлодар өңірінен болатындығын ескере отырып және жоғары факттерді талдай отырып, тауардың бағасы 16200 теңге көлемінде болады деп шештім. Одан басқа тікелей газоблоктың бағасына құрамыда әсері бар.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
Құрылысқа арналған алаңды таңдау	9
1 Технологиялық бөлім	10
1.1 Шығарылатын өнім номенклатурасы	10
1.2 Шикізат материалдарына сипаттама	11
1.3 Зауыттың жұмыс жасау тәртібін есептеу	13
1.4 Өндіру әдісін таңдау және сипаттау	14
1.5 Өндірістің технологиялық тізбегі	16
1.6 Газдыбетон құрамын есептеу	17
1.7 Зауыттың технологиялық тізбегінде өнімділікті есептеу	18
1.8 Зауыттың материалдық балансын есептеу	20
1.9 Технологиялық жабдықтарды есептеу	21
1.10 Қоймаларды есептеу	25
2 Жылу-техникалық бөлім	27
2.1 Жылулық есептеу	27
2.2 Электр энергиясының технологиялық қажеттілігін есептеу	31
2.3 Жарықтандыру үшін электр энергиясының қажеттілігін есептеу	32
2.4 Жылыту үшін жылу энергиясының қажеттілігін есептеу	32
2.5 Желдету үшін жылу энергиясының қажеттілігін есептеу	32
2.6 Ыстық сумен жабдықтауға қажеттілікті есептеу	32
3. Сәулет-құрылыс бөлімі	34
4. Автоматтандыру жүйесі	35
5. Экономикалық бөлім	36
6. Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау	42
Қорытынды	43
Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі	44

КІРІСПЕ

Ұялы бетон деп - кремнеземды компоненттен, судан және байланыстырғыштың ерітінді қоспасының қатаюы бойынша алынған жасанды кеуекті тас материалды айта аламыз.

Бұл бетон түрі жүзжылдық тарихи дамуға ие және одан жасалған бұйымдар көптеген мемлекеттердің құрылыс аумақтарында кеңінен қолданыста.

Ұялы бетонның ерекшелігі оның жоғары кеуектілігі, сондықтан оның барлық қасиеттерін көрсететін материалдың төмен тығыздығы болып саналады. 1890 жылы қоспаға маңызға ие тиісті заттарды енгізу ретімен жоғары кеуектілігі бар бетон шығару бойынша әдістер ұсыныла бастады және сол кезде патенттелді. Ал ұялы бетонды практикалық қолдануы 1923 жылға тән. Данияда Е.С. Байер көбіктендіргіштің сулы ерітіндісін цемент қамырына тікелей енгізіп, тез араластыру арқылы оның ішінде көпіршіктер ауамен толтырылған немесе цемент қамыры алдын-ала дайындалған көбік ерітіндісімен араластырылған процесстерді сипаттады. Швецияда Д.А. Эриксон цемент қамырында, кеуек құрылымын қалыптастыру процессін, газ түзетін заттарды қолдана отырып жасап шығарды және патенттерде сипаттады.

Шетелдік практикада ұялы бетонның өндірілуі соғыстан кейінгі периодта, әсіресе Швеция, Чехословакия, Англия, Голландия, ГДР, ГФР және Еуропаның басқа да елдерінде айтарлықтай артты.

Қазіргі таңда ұялы бетон өндіруден алдыңғы қатарда, яғни ең танымал фирмалар ретіне шведтік «Итонг» және «Сипорекс» кіреді. «Итонг» фирмасында Эриксон ұсынған ұялы бетон өндіру әдісі, күйдірілген қож бен әкке негізделген.

Қазақстанда ұялы бетоннан жасалған өнімдермен конструкцияларды өндіру, оны қолдану, бұрынғы Одақтың ғалымдарының технологиялық зерттеулерімен және олар құрған ғылыми мектеппен тығыз байланысты. Сол Кеңестік Одақ кезінде, қуаттылығы жылына 189 мың.м ұялы бетон өндіретін 10 зауыт сатып алды, оның ішінде екеуі Қазақстанның Павлодар және Теміртау өңірлерінде орналасты. Ал қазіргі таңдада ұялы бетонды қабырғалық блоктардың шығарылуы Қазақстанда жеткілікті емес, жалпы барлық қуаттылығы 243,1 млн.дана зауыттардың өндірілу көрсеткіштері – 192,5 млн.дана. Олар Қарағанды (113,1 млн.дана.), Павлодар (90 млн.дана.), Ақтөбе (40 млн.дана.) облыстарында орналасқан. Ұялыбетон блоктар цехы Ақтөбе силикат құрылыс материалдары зауытының құрамына кіреді Одан басқа мұндай бұйымдар Ақмола және Шардара зауыттарында шығарылады. Осы бағытта технологияның ғылыми-практикалық негіздері жасалды, автоклавты және автоклавсыз беріктендірілген ұялы бетонның құрылымы мен құрылыстық-техникалық қасиеттері зерттелді.

Құрылысқа арналған алаңды таңдау


Павлодар қаласының географиялық координаттары — $52^{\circ}16'59''$ с.е, $76^{\circ}58'00''$ ш.б теңіз деңгейінен биіктігі: 4133 м. Уақыт белдеуі — UC+06:00.

Павлодар қаласы Қазақстанның солтүстік — шығыс бөлігінде, еліміздің астанасы болып қаланған Нұр-Сұлтан қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 450 км қашықтықта және Ресейдің Омбы қаласынан оңтүстік-шығысқа 405 км қашықтықта бой алған Ертіс өзенінің жағасында орналасқан. Физико-географиялық мінездемеге сәйкес Батыс Сібір жазығына кіреді.

Климаты — тым ыстық және суық ауа райының арасында бірқалыпты, бірақ шұғыл континенталды. Қысы — құрғақ әрі аязды, ызғырық желді ауа райын құрайды. Мұның әсерін Сібір антициклонының келуімен түсіндіруге болады. Жазы — құрғақ және ыстық, қапырық ауалы болуы Тұран ауа массасының таралу есебінен. Көктем мен күз мезгілдері өте қысқа, желді. Қыркүйек айының соңына қарай немесе қазан айының бел орталарында алғашқы қар түсуі күтіледі.

Қаңтар айының орташа температурасы — $-15,8^{\circ}\text{C}$ суық, ал шілде айында — $+21,5^{\circ}\text{C}$ жылы.

- Орташа жылдық жауын-шашын түсімі — 303 мм;
- Орташа жылдық ауа температурасы — $+3,3^{\circ}\text{C}$;
- Орташа жылдық ауа ылғалдылығы — 69 пайыз;
- Орташа жылдық жел жылдамдығы — 3,1 м/с.



1 Сурет — Павлодар қаласының жел тармақтары

Жел тармақтарының әр жылдық анализдеріне көз жүгірте қарасақ, ең басты соғу бағыттары — батыс пен оңтүстік аралықтан екен.

Келтірілген мәліметтерге орай, зауыттың құрылыс орнын Павлодар қаласының солтүстік-шығыс жағына орналастыруға шешім қабылданды.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Шығарылатын өнім номенклатурасы

Ұялы бетондардың дамуына қарай олардың жіктелуіде өзгерді. Ұялы бетонды жіктеуге талпыныстар бұрын жасалды, алайда олардың бөлінуі тек кеуектілік әдісі мен шикізат түрінің айырмашылығына негізделді, ол ұялы бетонның әр түрлілігі туралы және оны одан әрі дамыту перспективалары туралы түсінік бермеді. Қазіргі уақытта ұялы бетонның көптеген түрлері бар, олардың кейбіреулері құрылыста кеңінен қолданылады, ал басқалары әлі перспективалы. Газоблоктың түрлі пішіндерінің жалпы салмағы 300 ден 1200 кг/м³ шамасында. Шағын қабатты үйлер үшін көбіне 400-ден 800 кг/м³ салмақтағы блоктар қолданылады. Кеукті құрылымның қалыптасу әдісіне, шикізатқа, қатаю жағдайларына, тығыздығына және ерекше қасиеттеріне байланысты ұялы бетонды жекелеген түрлерге жіктеуге болады.

Кеук түзілу әдісі бойынша:

1. газды бетон, газтүзгішті цемент-құм қоспаға қосып алады;
2. көбікті бетон, көбіктүзгішті цемент-құм қоспаға қосып алады.

Ұялы бетондар үш топқа бөледі:


1. Жылуоқшаулағыш, орташа тығыздығы Д250-Д500, 0,06-дан 0,11-ге Вт/м²С дейінгі жылуөткізгішті коэффициент;
2. Конструктивті - жылуоқшаулағыш, орташа тығыздығы Д400-Д700, сығуға беріктілігі В1 – В3,5 классты, суыққа төзімділігі F25-F150;
3. Конструктивті, орташа тығыздығы Д800-Д1200, сығуға беріктілігі В5 – В15 классты.

Ұялы бетонды автоклавты және автоклавсыз, яғни бұмен күйдіру сияқты әдістермен алады. Автоклавты газбетонды блоктарды арнайы автоклавты пештерде күйдіру арқылы алады, онда оларды 12 атмосфералық жоғары қысымға дейін ұстайды. Бұл материалдың қатаю процессін тездетіп қана қоймай, сондай-ақ қалыпты автоклавты емес блоктармен салыстырғанда беріктіктің жақсартылған сипаттамалары бар материалды алуға мүмкіндік береді. Күйдіру процессінде материалдың молекулалық құрылымы өзгереді және басқа да физика-химиялық қасиеттерге ие болады.

Ұялы бетонның ең басты артықшылығы – құрылыс ғимаратының іргетасына түсіретін салмағын азайтуы. Оны пайдаланғанда сыртқы сылағыда азайып, жұқа қабат болады. Бір газоблок 15-20 кірпішті азайтып, қабырға қалауды едәуір тездететіндігімен ерекшеленеді. Демек, бұл факторларға орай еңбек ауырлығы төмендейді.


Ұялы бетонның ұзаққа төзімділігі кәдімгі кірпіштің пайдалану мерзімімен бірдей, өндірушілер 80 жылға дейін кепілдік береді. Сонымен қатар кірпіштен, не керамзитбетоннан салынған үйге қарағанда, ұялы бетоннан салынған үй аз уақытта тез жылынады, яғни аз тығыздық пен энергия сыйымдылығының салдарынан неғұрлым үнемді.

1 Кесте - Өнімнің номенклатуралары

	Тығыздық (кг/м ³) 400, 500, 600	Өлшемдері (мм): 625 x 250 x 375 625 x 250 x 300 625 x 250 x 250 625 x 250 x 200

Дипломдық жұмыста базалық өнім ретінде өлшемі 625×300×250, тығыздығы Д600 газоблогын зерттеуге алдым.

2 Кесте - Өнімнің сипаттамасы

Бұйым түрі	Бұйым массасы, кг	Бұйым өлшемі			
		Ұзындығы l, мм	Ені b, мм	Қалыңдық h, мм	Тығыздық ρ, кг/м ³
Газоблок 	36	625	300	250	600

3 Кесте – Жобаланған газоблоктың физико-механикалық қасиеттерінің көрсеткіштері.

Беріктігі бойынша бетон класы	Бетонның сығылуға беріктігі, МПа	Аязға төзімділігі бойынша бетон маркасы, цикл	Кебу кезіндегі деформациялар, мм/м	Буөткізгіштік коэффициент, мг/[м*ч*Па]	Құрғақ күйдегі жылуөткізгіштік коэффициент λ ₀ , Вт/м °С
B5	7,1	F100	0,35	0,17	0,112

Д600 тығыздығы бойынша маркасы бар блоктар - линиядағы ең берік қабырға материалдары. Олардың беріктілік класы - В5. Олардың тағы бір артықшылығы - жоғары дыбыс оқшаулау қасиеттерінің жоғары болуы. Д600 блоктары экология және өрт қауіпсіздігі тұрғысынан мінсіз, қалаудың ең жоғары сапасын қамтамасыз ете отырып, өте дәл геометрияға ие. Бұл газды бетоннан

жасалған қабырғада 52 Дб-дік дыбыс сіңірілу болады, демек одан тыныш дыбыстар ол арқылы өтпейді.

1.2 Шикізат материалдарына сипаттама

Таңдалып отырған Д600 газобетон - бұл автоклавты катаю әдісімен алынатын ұялы блоктар. Шикізат ретінде цемент, әк, су, зауыттан шыққан күлдің қалдықтары, алюминий ұнтағы қолданылады. Мұндай газозолобетоннан жасалған блок өзінің физко-механикалық қасиеттері бойынша, жасалу технологиясында қарапайым цемент негізінде жасалған газоблоктан кем түспейді.

Цемент. Автоклавты газдыбетонды жасау үшін МемСТ 25485 сәйкес қолданылады. Жоба барысында ПЦ 400-Д20 маркалы цемент таңдалды. Жоғары беріктікті және құрылыс материалдарын талап ететін жоғары қабатты ғимараттар мен құрылыстарды салу кезінде қолданылатын жоғары сапалы цемент. ПЦ 400-Д20 тұрғын және тұрғын емес мақсаттағы объектілердің көпшілігін салу, темірбетон бұйымдарын өндіру кезінде қолданылады. Портландцемент жақсы суға және аязға төзімді, құрылыс түрлерінің көпшілігін қанағаттандырады.

4 Кесте – Цементтің негізгі қасиеттері

Иілу беріктігі, МПа	Қысу беріктігі МПа	Қысу жүктемесі кг/см ²	Аязға төзімділігі	Ұстап тұру жылдамдығы	Шынайы тығыздығы кг/м ³	Ұнтақтық көрсеткіші, пайыз
6-6,4	49	500	F70	45 минуттан 10 сағатқа дейін	3100	9,2

Құм. Құм ұялы бетонға қосылатын басты толтырғыштардың бірі. Оның рөлі газоблоктың құрамындағы ылғалдың шөгуін азайтуы, жарыққа төзімділігін арттыру барысында қолданылады. Цементпен жақсы әрекеттесуі оның қазіргі таңда сұраныстан айырылмауының көрсеткіші.

Зауытқа жеткізу ыңғайлырақ әрі сапасына қарай таңдалып алынған құм дәл Павлодар өңірі, Ертіс өзені бойында алынады, яғни біз "Павлодарский речной порт, ЖШС" қызметіне жүгінеміз.

Павлодар өзендік құмы ұсақ дисперсті болады. Құрылыс және басқа да шаруашылық мақсаттар үшін таптырмас материал. табиғи тазалықпен және жақсы су өткізу қасиеттерімен ерекшеленеді. Құм суды механикалық коспалардан жақсы тазартады.

Күл. Кременеземді компонент ретінде құммен бірге күлді алдық. Екібастұз көмір жағуынан пайда болатын жылу электр станциясының күлінде шыныфазаның 60-65 пайыз сандық мөлшері нормативті құжаттардың талаптарына сәйкес келеді.

5 Кесте – Екібастұз күлінің химиялық құрамы, пайыз (%)

	Кремний оксиді SiO ₂	Алюминий оксиді Al ₂ O ₃	Темір оксиді Fe ₂ O ₃	Кальций оксиді CaO	Калий оксиді K ₂ O	Натрий оксиді Na ₂ O	Магний оксиді MgO	Титан оксид TiO ₂
Құрам, пайыз	60,8	26,4	3,2	1,3	0,5	0,2	0,1	0,01

Екібастұз күлінің химиялық құрамы МемСТ 10538-87-на сәйкес анықталды. Екібастұз көмірінің күлінде бағалы элементтер кешендерінің болуы өнеркәсіптік кендерге қарағанда, тіпті төмен болған кезде оларды шығарып алу рентабельді болып табылады.

Газ түзгіштер. МемСТ 5494 стандартына сай келетін Өндіруші ретінде ЖШС «Суал ПМ» Иркутск ауданындағы, Шелехов қаласының ПАП–1 алюминий опасын алу көзделді. ПАП - 1 көзге аса көрінбейтін бөтен қоспалардан тұратын, сұр-күміс түсті жеңіл жанбайтын өнім болып саналады. Ұнтақтың үйінді тығыздығы 0,15-0,30 г/см³, белсенді алюминий құрамы — 85-93 пайызды құрайды. ПАП-1 алюминий ұнтағы алюминий оқ-дәріні дайындау үшін құраушы болып табылады. Опаның арқасында алюминий құрамы жанудың жоғары жылуына ие. ЖБИ саласында ұялы бетондар алу үшін пайдаланылады, алюминий ұнтағы цемент салмағының 0,1-0,2 пайыз мөлшерінде енгізіледі.

Су. Бетонды дайындағанда ісуге жарамды суды алып қолданылады. Шалшық суды мүлдем пайдаланбаймыз, себебі мұндай сулар қалдық, яғни құрамының ішінде қышқылдар мен органикалық қоспалар болуы мүмкін. Сондықтан алдын ала МемСТ 23732 «Бетон және ерітінділерге арналған су» стандартына тура келетін суды тандап тексерген жөн.

1.3 Зауыттың жұмыс жасау тәртібін есептеу

Цехтің жұмыс жасау тәртібін өндірістің ерекшеліктері, заттың мөлшерлемесіне және т.б. факторларға байланысты анықталынады. Технологиялық нормаларға сай цехте жұмыс істейтін қондырғылар периодты жұмыс жоспары бойынша жылына 20 күн жөндеу үшін тоқталады деп алсақ, 2 ауысым ретінде жоспарласақ, жылына 262 күн болады екен. Әр ауысым өз кезегімен 8 сағаттан болады. Цехтің сағаттық, ауысымдық, күндік өнімділігін есептеу үшін берілген жылдық өніммен анықтап аламыз.

Күндік өнімділік:

$$\Theta_{\text{күн}} = \frac{\Theta_{\text{ж}}}{K_{\text{ж.к.}}} = \frac{50000}{262} = 191$$

мұндағы $\Theta_{\text{ж}}$ – жылдық өнімділігі, т;

$K_{\text{ж.к.}}$ – 1 жылдағы жұмыс күні;

Ауысымдық өнімділік:

$$\Theta_{\text{күн}} = \frac{\Theta_{\text{ж}}}{K_{\text{ж.к.}} \cdot n} = \frac{50000}{262 \cdot 2} = 95,5$$

мұндағы n – ауысымның саны;

Сағаттық өнімділігі:

$$\Theta_{\text{күн}} = \frac{\Theta_{\text{ж}}}{B_p} = \frac{50000}{262 \cdot 2 \cdot 8} = 12$$

мұндағы B_p – істелінген уақыттың жылдық фонды.

6 Кесте – Зауыттың өндірістік бағдарламасы

Бұйымның атауы	Жылына	1 тәулікте	1 ауысымда	1 сағатта
Газобетон	50000 м ³	190,8 м ³	95,5 м ³	12 м ³

1.4 Өндіру әдісін таңдау және сипаттау

Ұялы бетондардан жасалған бұйымдарды өндіру технологиясы мынадай кезеңдерден тұрады: шикізат материалдарын дайындау, қалыптау массасын дайындау, бұйымдарды қалыптау, жылумен өңдеп алу, сапаны бақылау және қоймалау.

Шикізат материалдарын дайындау технологиясы бірнеше тізбектерге қарай жүзеге асырылып отырады:

1. компоненттерді құрғақ ұнтақтау;
2. компоненттерді ылғалмен ұнтақтау;
3. аралас әдісі.

Құрғақ ұнтақтауының артықшылығы - бастапқы материалдарды мөлшерлеуіндегі қарапайымдылығы, жабдықты неғұрлым толық пайдалануы, өндірісті сенімді бақылауы. Ал бұл тәсілдің кемшілігі - ұсақтауға энергияның салыстырмалы түрде көп кетуі. Компоненттерді ылғалмен ұнтақтаудың кемшілігі - араластыру сапасының төмендігі, бірақ кремнеземдік компонентті ылғалды түрде алғанда оны қамтамасыз ететін қондырғылардың құрылғысына деген шығындар кемиді, диірмендердің өнімділігіде артады. Сонымен бірге, материалдардың көп бөлігінде кептірудің болмауы энергия шығындарды едәуір төмендетеді. Бұл тәсілдің кемшіліктерін кіретін тұрақты қасиеттері бар тұтқырларды алу қиындықтарын жатқызуға әбден болады. Мұнда жоғарыда айтылғандай екі тәсілде біріктіріп жасайды. Осыған байланысты ылғалды тәсілді алуды жөн көрдім. Шикізат материалдарын келесідей салады: құмды немесе күлді толтырғышты, судың жетіспейтін мөлшерін, байланыстырғышты, газтүзгішті. Қоспалар - гипс, ПАВ және өзге де минералды ұнтақтар -

араластырғышқа байланыстырғыштармен бірге салынады. Компоненттерді газтүзгіш салмай тұрып – 1-3 минуттай араластырып алады, газтүзгішті салып, тағы – 1-3 минут араластырады. Дірілмен араластыру технологиясында діріл араластырғыштың корпусында жүреді. Осы технологияда су/қатты зат қатынасы 0,30-0,4 аралығындағы жоғары тұтқырлыққа ие ұялы бетон қоспаларын пайдаланады.

Автоклав бойынша ұялы бетон өндіргенде кесу технологиясын алсақ, қалыптау процесі үш кезеңнен өтеді:

Бірінші кезеңде арнайы қалыптайтын қалыпқа биіктігі 0,6-1,6 м дейін жететін үлкен массив қалыпталады. Бастапқыда қалыптатылатын бұйымдардың ең массивті өлшемдері кесу әдісіне қарай тікелей байланысты болады және ол өзгеріп отырады.

Екінші кезеңде, бастапқыда алған үлкен, бір-біріне перпендикуляр бағытта, геометриялық пішіні, өлшемдері бар бөлшектерге келеді.

Үшінші кезеңде бұйымды дайындағанда бұйымның пайда бола бастағандағы автоклавты өндеуден кейінгі арнайы станоктарда жүргізіліп отырады. Осы жағдайларды ескере отырып, газдыбетон өндіруде діріл қопсытуды алуды жөн көрдім.

Ұялы бетонды дайындау – стандарті, ағындық-агрегатты және конвейерлі секілді әдістерді қолдана отырып орындалады. Өндірудегі технологиялық сызба өндірістің алаңдарын, қондырғыларды пайдалануына, бұйымға сәйкес өзіндік құны мен еңбек өнімділігіне әсерін тигізеді. Сондықтанда өндірістің технологиялық сызбасын таңдауда техника-экономикалық бөлімді негіздеу қажет.


Ұялы бетондарды өндіруде бірнеше әдістерді қарастыру негізінде, көп капиталдық шығындарды қажет етпес және бұйымдардың бірнеше номенклатурасын өндіруге деген мүмкіндік бере алатын агрегатты-ағындық әдісі тиімді болып табылады. Жұмыс істейтін зауыттардағы агрегатты-ағындық әдістерді қолданудың талдау практикасы, жеңіл технологиялық қондырғылардың арқасында өндірістің еңбек сыйымдылығы мен өнімнің өзіндік құнын төмендетуге болатынын көрсетті.

Құм, цемент, күл, қоймасынан шикізат арнайы көлікпен мөлшерлегіштерге беріледі. Құм шар диірменіне ұнтақтауға жіберіледі; 20 пайыз құм шар диірменінде дымқыл тәсілмен ұсақталады. Құм шламының тығыздығы 1,68 кг/литрден кем болмауы тиіс. Шламараластырғышта құмды шлам 4-5 сағат бойы үздіксіз араластырылып ұсақталады, кейін сорғылармен бетон араластыру бөлімшесіне жіберіледі. Цемент пен алюминий опасы дозаланып, барлық компоненттер біріктіріледі.

Қоспада болатын су және шлам 40-45⁰С-да ысытылынады. Қоспа арнайы қалыпқа құйылмай, оны мұқият тазартудан өткізіп майлайды. Керекті массаны қалыпқа құйғаннан кейінгі процесс маңызды болып табылады. Мұнда қоспаны құйғандағы оның ортада ұстау температурасы +18⁰С - +22⁰С аралығында болуын қажет етеді.

1.5 Өндірістің технологиялық тізбегі

1 Схема – Ұялы бетон өндірісінің технологиялық тізбегі



Қалыптар арнайы камераларға пісіп жетілуіне жіберіліп, онда қоспа 2-3 сағатта қатайды. Келесі кезеңінде бұйымдарды кесуге көшеді. Массив арнайы машиналарда көлденең және бойлық сымды жіптер көмегімен кесіледі. Кескен кездегі қалдықтарды қайтадан шламға қосып алады. Ал кесілген бұйымдарды жүк арбалармен автоклавтарға өңдеуге жеткізеді. Мұнда ұялы бетонның беріктігі жоғары дәрежеге көтеріле бастайды. 10 сағат көлемінде 180⁰С 12МПа атмосфералық қысымда ұялы бетонды блоктар автоклавтан дайын өнім болып шығады.

Дайын өнімнің сапасын тексеру міндетті болып табылады. Сапаны бақылағаннан кейін, бұйымдарымыз дайын өнім қоймасына жіберіледі.

1.6 Газдыбетон құрамын есептеу

Ұялы бетон құрамы үшін, кремнезем компонентінің байланыстырғышқа қатынасын, араласпаның аққыштығын айқындайтын С/Қ қатынасын, илем ((Р_п) үшін кеуектүзгіш мөлшері, илем үшін құрғақ материалдар, қоспа және судың шығыны анықталады. Сонымен қатар ұялы бетонның қасиетін ғана қоймай, қосытылу температурасында, уақыт ұстамдылығында ескереді

Ұялы бетон құрамының басты мәліметтері мыналар болып табылады: құрғақ күйіндегі ұялы бетонның орташа тығыздығы, қатаю, бастапқы материалдардың түрі, беріктігі мен орташа тығыздығы.

Көрсеткіштер бойынша ұялы бетон алу мақсатымен орташа тығыздығы және беріктік мәнді тәжірибе жүзінде судың қатты затқа қатынасымен, газтүзгіштің шығыны мен кремнезем компоненттері бойынша массалық қатынастары, байланыстырғыш заттармен есептеп алынады.

Біздің өндіретін ұялы бетонның тығыздығы $\rho = 600 \text{ кг/м}^3$ болғандықтан, $Z \leq 800$ кіші немесе тең болуы қажет.

Енді 1 м³ ұялы бетон үшін шикізат көлемін есептейміз.

$$\rho_{\text{цемент}} = 3,1 \text{ кг/м}^3$$

$$\rho_{\text{су}} = 1 \text{ кг/м}^3$$

$$\rho_{\text{құм}} = 2,6 \text{ кг/м}^3$$

$$\rho_{\text{күл}} = 2,4 \text{ кг/м}^3$$

$$\text{Цемент} = 318 \text{ кг}$$

$$\text{Құм мен күл} = 312 \text{ кг}$$

$$\text{Оның ішінде құм} = 250$$

$$\text{Күл} = 62$$

$$\text{Су} = 256 \text{ л(кг)}$$

$$\text{Алюминий опасы} = 544 \text{ гр}$$

$$V = \frac{m}{\rho}, \quad (1)$$

$$V_{\text{құм}} = \frac{250 \text{ кг}}{2,6} \approx 96,1 \text{ м}^3$$

$$V_{\text{цем}} = \frac{318}{3,1} \approx 102,5 \text{ м}^3$$

$$V_{\text{су}} = \frac{256}{1} \approx 256 \text{ м}^3$$

$$V_{\text{күл}} = \frac{62}{2,4} \approx 25,8$$

$$\sum V = 96,1 + 102,5 + 256 + 25,8 = 480,4 \text{ м}^3$$

1 9 3 4

1.7 Зауыттың технологиялық тізбегінде өнімділікті есептеу

Ұялы бетон компоненттерінің пайыздық үлесін қарасақ:

$$\sum = 318 + 250 + 62 + 256 + 0,54 = 886,54 \text{ кг}$$

Цемент:

$$\frac{318 \text{ кг}}{886,54 \text{ кг}} \cdot 100\% = x\% \quad x=35,86\%.$$

Құм:

$$\frac{250 \text{ кг}}{886,54 \text{ кг}} \cdot 100\% = x\% \quad x=28,19\%.$$

Күл:

$$\frac{62 \text{ кг}}{886,54 \text{ кг}} \cdot 100\% = x\% \quad x= 6,99\%.$$

Су:

$$\frac{256 \text{ кг}}{886,54 \text{ кг}} \cdot 100\% = x\% \quad x=28,87\%.$$

Газтүзгіш:

$$\frac{0,54 \text{ кг}}{886,54 \text{ кг}} \cdot 100\% = x\% \quad x=0,06\%.$$

Бұйымдардың жалпы салмағын есептеу:

50000 м³ жылына.

$\rho_0=600 \text{ кг/м}^3$

$$V=0,625 \cdot 0,25 \cdot 0,3=0,047 \text{ м}^3$$

$$m=V \cdot \rho_0= 0,047 \text{ м}^3 \cdot 600= 28 \text{ кг}$$

$$0,047 \text{ м}^3 \frac{28 \text{ кг}}{1000} = 1,316 \text{ т}$$

$$50000 \text{ м}^3 \frac{x}{1000} = 30000000 \text{ кг} = 30000 \text{ т}$$

Цех өндірісінің техникалық бөлістерін есептеу
Сапаны бақылау барысында ақаулар (1,5 пайыз)

$$Ж_{ш} = \frac{Ж_{т}}{1 - \frac{Б}{100}} = \frac{30000}{1 - \frac{1,5}{100}} = 30456,8 \text{ т.}$$

Ақаулар мөлшері: $30456,8 - 30000 = 456,8 \text{ т/ж.}$
Автоклавта өңдеу барысында жоғалуы (1 пайыз)

$$Ж_{ш} = \frac{30456,8}{1 - \frac{1}{100}} = 30764,4 \text{ т.}$$

Жоғалу мөлшері: $30764,4 - 30456,8 = 307,6 \text{ т/ж.}$
Қопсытылған массаны кесу барысында жоғалуы (1 пайыз)

$$Ж_{ш} = \frac{30764,4}{1 - \frac{1}{100}} = 31075,1 \text{ т.}$$

Жоғалу мөлшері: $31075,1 - 30764,4 = 310,7 \text{ т/ж.}$
Массаны қалыптау кезіндегі жоғалуы (1,5 пайыз)

$$Ж_{ш} = \frac{31075,1}{1 - \frac{1,5}{100}} = 31548,3 \text{ т.}$$

Жоғалу мөлшері: $31548,3 - 31075,1 = 473,2 \text{ т/ж.}$
Араластыру кезіндегі жоғалуы (0,5 пайыз)

$$Ж_{ш} = \frac{31548,3}{1 - \frac{0,5}{100}} = 31706,8 \text{ т.}$$

Жоғалу мөлшері: $31706,8 - 31548,3 = 158,5 \text{ т/ж.}$
Цемент мөлшерін есептеу

$$\frac{31706,8}{x} = \frac{100\%}{35,86\%} \quad x = 11370 \text{ т.}$$

Цементті дозалау кезіндегі жоғалуы (0,3%)

$$Ж_{ш} = \frac{11370}{1 - \frac{0,3}{100}} = 11404,21 \text{ т.}$$

Жоғалу мөлшері: $11404,21 - 11370 = 34,21 \text{ т/ж.}$

Құм мөлшерін есептеу

$$\begin{array}{l} 31706,8 \text{ --- } 100\% \\ x \text{ --- } 28,19\% \quad x=8938,14 \text{ т.} \end{array}$$

Құмды дозалау кезіндегі жоғалуы (0,4 пайыз)

$$Ж_{ш} = \frac{8938,14}{1 - \frac{0,4}{100}} = 8974,04 \text{ т.}$$

Жоғалу мөлшері: $8974,04 - 8938,14 = 35,9 \text{ т/ж.}$

Күл мөлшерін есептеу

$$\begin{array}{l} 31706,8 \text{ --- } 100\% \\ x \text{ --- } 6,99\% \quad x=2216,3 \text{ т.} \end{array}$$

Күлді дозалау кезіндегі жоғалуы (0,4 пайыз)

$$Ж_{ш} = \frac{2216,3}{1 - \frac{0,4}{100}} = 2225,2 \text{ т.}$$

Жоғалу мөлшері: $2225,2 - 2216,3 = 8,9 \text{ т/ж.}$

Су мөлшерін есептеу

$$\begin{array}{l} 31706,8 \text{ --- } 100\% \\ x \text{ --- } 28,87\% \quad x= 9153,75\text{т.} \end{array}$$

Су дозалау кезіндегі жоғалуы (1 пайыз)

$$Ж_{ш} = \frac{9153,75}{1 - \frac{1}{100}} = 9246,21 \text{ т.}$$

Ақаулар мөлшері: $9246,21 - 9153,75 = 92,46 \text{ т.}$

Алюминий опасының мөлшерін есептеу

$$\begin{array}{l} 31706,8 \text{ --- } 100\% \\ x \text{ --- } 0,06\% \quad x=19,02 \text{ т.} \end{array}$$

Алюминий опасын дозалау кезіндегі жоғалу (0,5 пайыз)

$$Ж_{ш} = \frac{19,02}{1 - \frac{0,5}{100}} = 19,11$$

Ақаулар мөлшері: $19,11 - 19,02 = 0,09 \text{ т.}$

7 Кесте – Шикізат шығындары

Аталуы	Өлшем бірлігі	Шығындар			
		жыл	тәулік	ауысым	сағат
Құм	т	8938,14	34,12	17,06	2,13
Күл	т	2216,3	8,46	4,23	0,53
Су	л	9153,75	34,94	17,47	2,18
Алюминий опасы	т	19,02	0,07	0,035	0,004
Цемент	т	11370	43,39	21,69	2,7

1.8 Зауыттың материалдық балансын есептеу

8 Кесте - Материалдық баланс

Кіріс	Шығыс
Қоймаға заттың кірісі: Цемент - 11370 Құм - 8938,14 т Күл - 2216,3 Су - 9153,75 т Газ түзгіш - 19,02 т	1) қоймадағы дайын өнім кірісі: 30000 т 2) жоғалу мөлшерлері: 1878,36
Барлығы: 31697,21 т	Барлығы: 31878,36 т

Баланстың қиылыспаушық көрсеткіші $31878,36 \text{ т} - : 31697,21 \text{ т} = 181,15$ т.жылына құрайды, яғни 0,4%. Қиыспаушылық бойынша рұқсат шегі - 0,5%.

1.9 Технологиялық жабдықтарды есептеу

Технологиялық жабдықтарды есептеу үшін жалпы формула мына бойынша анықталады:

$$N_m = \frac{Q_{сө}}{Q_{мсө} \cdot K_{упк}} \quad (2)$$

мұндағы N_m – қондырғыдағы машиналардың саны;
 $Q_{мсө}$ – машинаның сағат бойынша өнімділігі;
 $K_{упк}$ – уақытқа қарасты жабдықтарды пайдаланудың белгіленген коэффициенті (0,8-0,9).

$Q_{сө}$ – сол шектің сағаттық өнімділігі;

Білгалмен ұнтақтап алатын шарлы диірмен ішінде құм мен күлді дайындауы (өнімділік 70 т/сағ)

$$N_m = \frac{4,75}{70 \cdot 0,9} = 0,07$$

СМ – 1456 диірменді 1 дана етіп аламын
 Ұялы бетонның араласпасын дайындау

$$N_m = \frac{4,75}{5 \cdot 0,9} = 0,85$$

СМС 40Б дірілді ұялы бетонды араластырғышты 1 дана көлемінде аламын.

9 Кесте - СМС 40Б дірілді ұялы бетон араластырғыштың техникалық сипаттамасы

Сыйымдылық, м³	5
ік біліктің тербеліс жиілігі, Гц	3,3
Білік қалақтардың диаметрі, кВт	700-1600
Қуаттылық, кВт	44,8
Габариттік өлшемдері, мм	
ұзындығы	5065
ені	4500
биіктігі	4100

Бұйымды қалыптау

$$N_m = \frac{Q_{сө}}{Q_{мсө} \cdot K_{упк}} = \frac{4,8}{32,3 \cdot 0,9} = 0,2$$

К - 4691Н ЛВ-37 діріл алаңды 1 дана деп аламын.

10 Кесте - К- 4691Н ЛВ-37 діріл алаңның техникалық сипаттамасы

Өнімділік, м³/сағат	32,3
Жүк көтергіштігі, т	20,0
Массивтің өлшемдері, мм	
ені	6400
ұзындығы	1200
биіктігі	600
бір уақытта қалыптатылатын массивтердің саны	2
Қуаттылық, кВт	13
габариттік өлшемдері, мм	
ұзындығы	6030
ені	3480
биіктігі	1180

Таспалы конвейерлердің санын анықтау

$$N_m = \frac{Q_{сө}}{Q_{смө} \cdot K_{упк}} = \frac{3,6}{5 \cdot 0,8} = 0,9$$

К-1Б таспалы конвейерін 1 дана көлемінде аламын. Оның Электрқозғалтқыш қуаттылығы 7,5 кВт болады.

Автоклавтың санын анықтау

Оның жылдық өнімділігі мына формуламен анықталынады:

$$QA = \frac{EA}{A} = T_{жабд} \cdot K_{п} = \left(\frac{27}{13}\right) \cdot 5660 \cdot 0,9 = 10580 \text{ м}^3$$

мұндағы EA – автоклавтың ішіндегі бұйым көлемі (9x3=27 м³);

A – автоклавтағы өңдеу циклының ұзақтығы (макс 13 сағат);

T_{жабд} – сағат бойынша өлшенген автоклавтың таза жұмыс істеуінің жылдық қоры;

K_п – жоғалтудың коэффициенті 0,9.

$$N = \frac{10000 \cdot 1,002}{10580 \cdot 0,95} = \frac{10020}{10051} = 0,99$$

СМ-545 автоклавты зауыт өнімділігінің жұмысын ескере отырып, 2 дана көлемінде алу шешілді.

Бұл алдағы уақытта уақыт үнемділігін әрі өнімділікті одан қарай дамыта беруіне әсері бар.

11 Кесте - СМ-545 автоклавтың техникалық сипаттамасы

Автоклав диаметрі	2,6 м
Ұзындық	19 м
Қысым көтерілуі	1,5 сағат
Ұстамдылық	6,5 сағат
Қысым түсіру	2 сағат
Вакуумделу	1 сағат
Толық циклды	11 сағат + 2 сағат босату мен жүктеу

Транспорттың құралдарды есептеу

Жүк көтергіштік және циклдың ұзақтығы бойынша көпірлі крандар өнімділігі көрсетіледі, (т/сағ)

$$П = Q \cdot n \cdot k \cdot k_1 \quad (3)$$

мұндағы Q – кран бойынша номиналды жүккөтергіштік көрсеткіші, 5 т;

n – сағат бойынша жұмыстың циклды мөлшері;

k – уақытқа сай кран қолдану коэффициенті, 0,8;

k₁ – жүккөтергіштің кран қолдану коэффициенті, 0,8.

Бір сағат ішінде көпірлі кранның жұмыс циклының мөлшері былай анықталады:

$$n = \frac{3600}{t} = \frac{3600}{\varepsilon (t_1 + t_2 + \dots + t_n)}$$

мұндағы t – асудан, көтеруден, ауыстырудан, түсіруден, жүкті тіркеуден және бұрынғы орнына келтіру бойынша кранның жұмыс циклы ұзақтығы, с;
 ε – кран механизациясының жұмыс үйлесімділігінің коэффициенті, $\varepsilon = 0,7-0,8$.

Жүк көтергіштік бойынша механизмді қолдану коэффициенті:

$$k_1 = \frac{Q_c}{Q_5} = \frac{4}{5} = 0,8$$

мұндағы Q_c – ауысымына көтерілетін жүктің орташа массасы, т;
 Q_5 – кранның номиналды жүккөтергіштігі

$$n = \frac{3600}{0,8 \cdot (40 + 40 + 40 + 10 + 30 + 30)} = 30$$

$\Pi = 5 \cdot 30 \cdot 0,8 \cdot 0,8 = 96$ тонна/сағат.

Орташа қуаттылық 65 кВт тең.

Электрлі жеткізу арбаларының мөлшері мына формула бойынша анықталады:

$$N = \frac{m \cdot t}{60 \cdot P \cdot K} = \frac{20 \cdot 3}{60 \cdot 1 \cdot 0,9} = 1,1$$

мұндағы m – уақыт периодындағы циклдер мөлшері;

t – цикл ұзақтылығы;

P – жұмыс уақытының қоры;

K – жабдықтарды қолданудағы коэффициенті, $K = 0,9$.

См 546 электрлі тасымалдау арбасын 1 алынды.

12 Кесте - СМ-546 электрлі жеткізу арбасының техникалық сипаттамасы

Электрлі тасымалдау арбасы См 546	
Қуаттылық, Квт.	8,5
Жүккөтергіштік, т	25
Габариттік өлшемдері, мм:	
ұзындық	2818
ені	1944
биіктік	1860
салмақ, тонна	8,2

13 Кесте - Технологиялық және тасымалдау жабдықтарының ведомості

Жабдықтардың атауы	Мөлшерлері	Қысқаша техникалық сипаттамалар
СМ – 1456	1	Өнімділігі 70 т/сағ
бетонараластырғыш СМС-40Б	1	Сыйымдылығы 5 м ³
К - 4691Н ЛВ-37 діріл алаңы	1	Жүккөтергіштігі 20 т
Автоклав СМ-545	2	19х2,6
Көпірлі кран	1	Жүккөтергіштігі 5 т Электрқозғалтқышының қуаттылығы 65 кВт
Электрлі жеткізу арбалары СМ-545	1	Электрқозғалтқыштың қуаттылығы 8,5 кВт Жүккөтергіштігі 25т
Автоклавты вагонеткалар СМ-547	8	Жүккөтергіштігі 25 т
Таспалы конвейер К-1Б.	1	Электрқозғалтқыш қуаттылығы 7,5 кВт.

1.10 Қоймаларды есептеу

Толтырғыштарды жабық қоймада сақтайтын болсақ, қойманың сыйымдылығы мына формуламен анықталады:

$$V_n = Q_{\text{тәулік}} \cdot T_{\text{сақтау}} \cdot 1,2 \cdot 1,02 = 81,2 \cdot 7 \cdot 1,2 \cdot 1,02 = 705 \text{ м}^3$$

мұндағы $Q_{\text{тәулік}}$ – материалдардың 1тәуліктегі шығындары;
 $T_{\text{сақтау}}$ – сақтау барысындағы нормативтік қор, 7 тәулікке сай;
1,2 – қосытылу кезіндегі коэффициент;
1,02 – материал жөнелтудегі жоғалу бойынша коэффициент.

Сыйымдылығы 700 м³ тең жүктейтін көлік эстакадасы бар құм қойманы таңдаймын.

Цемент қоймасын есептеу

Цемент қоймасының $V_{\text{ц}}$ сыйымдылығы былай қарастырылады:

$$V_{\text{ц}} = \frac{Q_{\text{тәулік}} \cdot T_{\text{сақтау}}}{0,9} = \frac{20,5}{0,9} = 160 \text{ т.}$$

мұндағы 0,9 – сыйымдылықты толтыру коэффициенті;

$Q_{\text{тәулік}}$ – 1 тәуліктегі цементтік шығын, 20,5 т;

$T_{\text{сақтау}}$ - нормативтік қор, 7 тәулікке сәйкес.

Сыйымдылығы 200 тонна болатын рельсті цементтік қоймасын қабылдаймын. Әрбірі 100 тонна болатын 1 силостан тұрады

Дайын өнім қоймасын есептеу

Дайын өнім қоймасының ауданы мына бойынша анықталынады:

$$A = \frac{Q_{\text{тәул}} \cdot T_{\text{сақт}} \cdot k_1 \cdot k_2}{Q_n} = \frac{191 \cdot 6 \cdot 1,5 \cdot 1,3}{1,8} = 1242 \text{ м}^2.$$

мұндағы $Q_{\text{тәул}}$ – бұйымдардың 1 тәулікте түсетін көлемі, 191 м³;
 $T_{\text{сақтау}}$ – 6 тәулікке сәйкес сақтау ұзақтылығы;
 k_1 – қойма ауданының жоғалуымен алынған крандарды қолдану коэффициенті, 1,3;
 Q_n – бұйымның нормативтік көлемі, 1 м² ауданға 1,8 м³ рұқсат етілген.



2 Жылу-техникалық бөлім

2.1 Жылулық есептеу

Қуаттылығы жылына 50 000 м³ зауыттың автоклавты ұялы бетон блоктарын бумен пісіру қондырғысын жобалау.

Қосымша деректер. Өнім бойынша: 600 кг/м³ тығыздығы бар ұялы бетоннан қабырға блоктары 300 × 250 × 625 мм құрайды. Автоклавты өңдеу 3100×800×1200 өлшемді массивте жүргізіледі. Бетонның жылу сыйымдылығы - 0,75 кДж/кг·°С, автоклавқа кірерде ылғалдылық - 30%, шығуда - 15%, автоклавтың кіреберісіндегі температурасы 20°С құрайды. Термиялық өңдеу режиміне сәйкес: қысым көтеру 3 сағ, ең жоғары қысымда ұстап тұру 8 сағ, қысым түсіру 3 сағ, суыту 2 сағ, түсіру 1 сағат, толық айналым уақыты 17 сағ, максималды қысым 12 бар. Автоклавқа бу 13 бар қысыммен құрғақ қаныққан күйде беріледі.

Өзге мәліметтер: массивтің көлемі 3 м³, қалып табандығының салмағы 1,5 т, максималды 188°С температурада автоклав массасының орташа максималды температурасы 120°С, бумен өңдеу басында автоклавтың орташа температурасы 40°С, бумен өңдеу кезеңінде сыртқы беттің орташа температурасы 40°С, окшаулау қабаттарын ескергенде, цехтағы ауа температурасы 15°С.

Зауыттың жұмыс уақыты - екі ауысымды алты күндік жұмыс аптасында 262 тәулік деп қабылданған.

Жабдықты пайдалану коэффициенті 0,95.

Жұмыс күндерінің саны $262 \cdot 0,95 = 248,9$ күн.

Жұмыс уақытының саны – $248,9 \cdot 24 = 5722,08$ сағ.

Цехтың сағаттық өнімділігі:

$$G_{\text{сағ}} = \frac{50000}{5722,08} = 8,74 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

Бір бұйым көлемі 3 м³.

Цех өнімділігі:

$$G_{\text{сағ}} = \frac{8,74}{3} = 2,91 \text{ дана/сағ}.$$

Тығыздығы 600 кг/м³ массивтің массасы $600 \cdot 3 = 1800$ кг.

Массасы бойынша цехтың сағаттық өнімділігі $2,91 \cdot 1800 = 5238$ кг.

Келесі техникалық сипаттамалары бар 2х40,4 м өтпелі автоклавты орнатуды қабылдаймыз: корпус ұзындығы 40,4 м, диаметрі 2 м, жұмыс көлемі 140 м³, жұмыс қысымы 12 бар, автоклав табанының ені 750 мм, салмағы 64 т.

